

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 17 сәуір 1995 ж. N 496

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасына және "Сақтандыру рыногын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі ұйымдастыру-құқықтық шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 сәуірдегі N 1658 U941658_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 18, 177-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы "Сенім Сақтандыру Компаниясы" деп аталатын ашық түрдегі акционерлік қоғам болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясын "Сенім Сақтандыру Компаниясы" атты ашық түрдегі акционерлік қоғам етіп қайта құру жөнінде жұмыс комиссиясын құрсын.

Жұмыс комиссиясы екі ай мерзім ішінде жарғылық қордағы мемлекет үлесін айқындау үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясының активтеріне бағалау жүргізсін, осы компанияны қайта құру жөніндегі құрылтай құжаттарын әзірлеуді аяқтасын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясындағы мүлкінің үлесін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сататын болсын

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сақтандыру Басқармасын Қазақ ССР Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы етіп қайта құру туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 7 мамырдағы N 289 қаулысына (Қазақ ССР ҚЖ., 1991 ж., N 14, 89-бап);

"Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сақтандыру Басқармасын Қазақ ССР Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы етіп қайта құру туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 7 мамырдағы N 289 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 25 ақпандағы N 156 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК